

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**География және табиғатты пайдалану факультеті
География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы
«6B05205--География» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы**

«6B05205-География» мамандығы

GMH 4305 «Дүниежүзінің шаруашылық географиясы» пәні бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

2022 ж.

«6B05205-География» мамандығы бойынша «Дүниежүзінің шаруашылық географиясы» пәнінен қорытынды емтихан бағдарламасын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының аға оқытушысы, г.ғ.к. Мылқайдаров А.Т. дайындады.

Бағдарлама география және табиғатты пайдалану факультетінің география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының мәжілісінде қарастырылды.

Хаттама № 4, 11 қазан 2022 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Нүсіпова Г.Н.

КІРІСПЕ

Мақсаты: Дүниежүзінің шаруашылық географиясы бойынша дүниежүзінің табиғат ресурстары мен табиғат жағдайлары, Дүниежүзілік отын-энергетика кешені, дүниежүзілік кара және түсті металлургия өнеркәсібі туралы жүйелі түсінік беріліп, толық игеру.

Міндеттері: Студенттерді дүниежүзінің шаруашылық географиясының маңызын, олардың әртүрлі типтегі заңдылықтарын түсініп, студенттерді еркін дағдылануға үйрету.

«6B05205 – География» мамандығы бойынша «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» пәнінен қорытынды бақылау (емтихан) тестілеу түрінде өткізіледі.

Тест тапсырушы: 4 курс «6B05205 – География» мамандығы.

Етихан формасы: «Қож moodle» жүйесінде тест тапсыру.

Бұл пәннен «Қож moodle» жүйесінде тест сұрақтары дайындалды. «Қож moodle» тестілеудің міндеті – оқу жетістіктерін меңгеруге жоспарланған шеберлік пен дағды көлемімен салыстыру болып табылады. Соған байланысты тест құрастыру кезінде материалдық маңыздылық, ғылыми нақтылық, тест мазмұны ғылымның қазіргі жағдайы деңгейіне сәйкестігі, репрезентативтілік, тест тапсырмасы мазмұнының білім жүйелігі талаптарына сәйкестігі, кешенділігі мен теңгерімділігі, мазмұны мен формасының өзара байланысы басшылыққа алынды.

Жалпы тест тапсырмасы 75 сұрақтан тұрады, тест сұрақтары 4 нұсқада дайындалған.

ҚОЖ MOODLE тест бойынша студентке 25 сұрақ, 60 минут уақыт беріледі.

Тест тапсыру кезінде прокторинг жүргізіледі !!!.

«Прокторинг» дегеніміз – онлайн-емтиханда немесе тестілеуде барлық үдерісті администратор — проктордың бақылайтын бақылау рәсімі. Ол веб-камераның көмегімен емтихан тапсырушының іс-әрекетін қадағалайды және оның компьютер мониторында не болып жатқанын көреді. Емтихан тапсыру кезінде студенттер қосымша көмектерге жүгінетін болса, прокторинг бойынша емтихан жауабы қабылданбайды.

Сол үшін Сізде осы сабақтан қорытынды емтиханды «Қож moodle» жүйесінде тапсырған кезде Сізде камера болу шарт.

Емтихан сұрақтары

1. Дүниежүзілік отын-энергетика кешенінің құрылымын анықтап, көмір, мұнай, газ кен орындарына талдау жаса және дүниежүзілік электр энергиясы өнеркәсіптің көшбасшысы екенін дәлелде.
2. Дүниежүзілік қара және түсті металлургия өнеркәсібін жікте. Қара және түсті металдардың шикізат базасын, өндіру және қолдану географиясына талдау жаса және оның экологиялық жағдайына баға бер.
3. Дүниежүзілік машина жасау өнеркәсібінің құрылымын анықта, машина жасау өнеркәсібі салаларының қазіргі дамуына талдау жаса және таралу географиясына сараптама жаса.
4. Дүниежүзілік химия өнеркәсібінің салаларын анықта, салалардың шикізат базаларының ерекшелігіне талдау жаса және өнімнің негізгі түрлерін өндіру және тұтыну географиясына қорытынды жаса.
5. Дүниежүзілік орман шаруашылығының таралуын анықтап, ағаш өнеркәсіп орталықтарына талдау жасаңыз және ағаш өңдеу өнеркәсібінің географиясына сараптама жасаңыз.
6. Жеңіл өнеркәсіп салаларын анықтап, орналасу факторларына талдау жасаңыз және жеңіл өнеркәсіп орталықтарының дамуына баға бер.
7. Тамақ өнеркәсіп салаларын анықтап, орналасу факторларына талдау жасаңыз және тамақ өнеркәсіп орталықтарының дамуына, экспорттауға мамандануына баға беріңіз.
8. Дүниежүзілік ауыл шаруашылығының салаларына жалпы сипаттама беріп, оның салалары өсімдік және мал шаруашылығының дамуына талдау жасаңыз және таралу географиясына баға беріңіз.
9. Дүниежүзінің көлік географиясы құрылымын анықтап, көлік салаларының дамуына талдау жасаңыз және алдағы дамуына сараптама жасаңыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Максаковский В.П. Экономическая и социальная география мира. Методическое пособие. Книга для учителей. М.: Просвещение, 2004.
2. Алисов Н.В., Хорев Б.С. Экономическая и социальная география мира (общий обзор): Учебник. М.: Гардарика, 2000.
3. Гладкий Ю.Н., Лавров С.Б. Экономическая и социальная география мира. М.: Просвещение, 2002.
4. Максаковский В.П. Географическая картина мира. Книга 1 М.: Дрофа, 2004.
5. Родионова И.А. и др. Экономическая, социальная и политическая география: мир, регионы, страны. Учебно-справочное пособие. М.: Экон-Информ, 2008.-492с.: илл. 16с.
6. Максаковский В.П., Надыров Ш.М., Мылқайдаров Ә.Т. Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы. Оқу құралы. Алматы «Қазақ университеті» 2013.
7. Т.А.Темірбеков Дүниежүзілік шаруашылық географиясы. Оқу құралы. Алматы «Қазақ университеті» 2013.
8. Мылқайдаров Ә.Т. «Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы» (Практикалық жұмыстар). Оқу құралы. Қазақ университеті, 2017 ж.